

## ЭПИКАЛЫҚ ДАСТАНДАРДЫҢ ЭКРАНҒА ШЫҒУЫ: «ҚОРҚЫТ» КӨПСЕРИЯЛЫ ТУЫНДЫСЫНА ШОЛУ

Құралай ҚУАТОВА\*  
Ләззат ӘЛІМОВА\*\*\*

**Түйіндеме:** Сан ғасырлар қойнауынан бүгінге дейін жеткен жыр-дастан, аңыз-эфсаналарды қазіргі ұрпақтың жадына жеткізіп, кейінгіге сақтаудың заманауи тиімді жолы – оларды экранизациялау болмақ. Осы орайда, соңғы жылдары қазақ фильмографиясында оң үрдіс қалыптасып келеді. «Хабар», «Қазақстан» телеарналары бұрынғы және кейінгі тарихи тұлғалар жайында көркем телехикаялар түсіріп, телеарналар мен әлеуметтік желілер арқалы таратып отыр. Сондай телетуындының бірі – «Қорқыт» көпсериялы фильмі мұндай әдістің өміршеңдігіне көз жеткізуде. Мақалада «Қорқыт» фильмінің тілі, ондағы түркіге ортақ терминдер мен архаизмдер, кісі, жер атаулары, сондай-ақ, кейіпкер бейнелері сөз болады. Эпикалық шығармалар немесе олардың кейіпкерлері жайлы экрандық шығармаларды әдеби талдау мен кәсіби сын тұрғысынан қарау олардың көптеп жарық көруіне және сандық қана емес, сапалық жағынан да арта түсуіне сеп болады деген ойдамыз.

**Тірек сөздер:** *Қорқыт, түркі тілі, архаизм, фильм, қобыз*

### Epic Epics on the Screen: A Review of the Multi-Series "Korkyt"

**Abstract:** The modern effective way to transfer poems, legends and legends from the depths of many centuries to the present to the memory of the current generation and save them for later will be their screenization. In this regard, in recent years, there has been a positive trend in Kazakh filmography. The TV channels "Khabar" and "Kazakhstan" produce artistic TV series about former and later historical figures, broadcast on TV channels and social networks. One of these TV projects – the multi-series film "Korkyt" - is convinced of the viability of such a method. The article will focus on the language of the film "Korkyt", common Turkic terms and archaisms, names of people, places, as well as images of characters. We believe that literary analysis and professional criticism of screen works about epic works or their heroes will help them to be published in large numbers and increase not only quantitatively, but also qualitatively.

**Key Words:** *Korkyt, Turkic language, archaism, film, kobyz*

### Кіріспе

Түркі халықтарына ортақ жырау, қобызшы, дана Қорқыт ата VII ғасырда Сырдария өзенінің бойындағы Жанкент қаласында өмір сүрген деп есептеліп жүр. Бұлай деп тұспалдап айтуымыздың себебі, Қорқыттың ата тегінен бастап, дүниеге келгені, өмір жолы, мұрасы жайлы түрлі болжамдардан құралған бірнеше нұсқа бар. Қорқыт өмірбаяны мен мұрасын басқа Еуропа, Ресей, Түркі елдері ғалымдарын айтпағанның өзінде, Ә.Диваев, А.Жұбанов, А.Затаевич, Ә.Қоңыратпаев, Ә.Марғұлан, бертінірек Е.Тұрсыновқа дейін зерттеген.

Әлкей Марғұланның нұсқасы бойынша Қорқыт сөзі «Һорқұт» сөзінен шығады, оның алғашқы буыны «өр» сөзі де, екіншісі «құт» сөзі. Бұдан бөлек Қорқыт өмірге келерде күн райы аласапыран болып, көпті қорқытты деген мағынада «қорқыт» аты берілді деп те айтылады. Дегенмен, фильм түсіруде сценарийдің басты рөл ойнайтынын ескерсек, Қорқыт есімінің «құт» сөзімен байланыстырылуы сәтті режиссерлік шешім деп айтуға болады.

Осы жерде назарда ұстайтын бір жай, көркем фильмде нақты деректерді немесе өмір шындығын дәл беру талап етілмейді. Оның үстіне, жеке басы, өмір сүрген кезеңі мен ортасынан бастап көптеген даулы пікірлерге өзек болып келе жатқан Қорқыт сынды тарихи тұлға туралы түсіргенде тарихи дәлдікті беру де қиынға соғады. Эпостық кейіпкерлер жайлы аңыз-эфсаналар, әрине, мистикалық, қиял-ғажайып элементтеріне толы. Көркем фильмде бұл табиғат құбылыстары, тосын жайлар, қақтығыстар түріндегі эпизодтармен беріледі. Айталық, кей ғалымдардың Қорқыттың әкесі оғыз, анасы қыпшақ деген пікірлеріне қайшы, телехикаяда оның әкесі баят тайпасының адамы,

\* Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Филология мамандығы, 2 курс магистрант

\*\*\*\* Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Филология мамандығы, 2 курс магистрант

анасы перінің қызы ретінде көрінеді. Ал жиі таралған аңыздардың бірінде пері қызы Қорқыт өмірінің соңында кездеседі, ол қобызшыны аңдып жүріп, жылан кейпінде келіп, шағып өлтіреді. Фильмде Қорқыттың өмірден өтер сәті көрінбеген, сол себепті аңыздан аңызға көшіп жүрген «перінің қызы» туындының басқа жеріне кірістірілсе керек.

«Қорқыт» фильміндегі басқа да адам аттары ескілігімен, елең еткізер тапқырлығымен көзге түседі. Атап айтсақ, Тоймадық (ата жау, пешенег), Торқалы (Қорқыттың анасы), Талпақ (аңшы), сондай-ақ, Жағал, Жарташық, Шектілі, Тазша және басқалар. Байқалып тұрғандай, бұл есімдердің барлығы да түркі халықтарына тән. «Қорқыт» телехикаясын түсіруші топ осы ретте оны араб діні мен мәдениеті келе бастаса да тереңдеп ене қоймаған, сайын далада қағанаттар үстемдік құрып тұрған, халық көк тәңіріне сиынған дәуірде бейнелеу арқылы ұтып тұр десек артық емес. Әлкей Марғұланның зерттеулерінде Қорқыттың тегін Меккені мекендеген хошим руынан шыққан аббасидтерге жатқызып, арабтан тартатын Орхан шайық сияқты зерттеушілердің бары айтылады. Дегенмен, Қорқыт мұрасындағы көп дерек оны теріске шығарады.

Фильмдегі түркі әлеміне, соның ішінде тәңіршілдік дініне қатысты бірқатар эпизод бақсы-балгерлер мен олардың болжамдарына қатысты. «Қорқытта» Бақсы және Қара бақсы деген кейіпкерлер бар. Одан бөлек, Қорқыттың өзі де түсіне ақ сақалды қарт кіріп, аян бергеніне қарамастан, «бақсы болудан» біраз уақытқа дейін ат-тонын ала қашумен болады. Фильм барысында сценарийге қатысты кейбір «әттеген-ай» дейтін тұстар да кездесті, соның бірі бала Қорқыттың әкесіне бірнеше рет «бақсы болмаймын дедім ғой» деп дәрекілік көрсетіп, «отыр» дегенін тыңдамай үйден шығып кететін көріністері. Қорқыттың әкесіне «сен» деп сөйлеуін қисынға келтіруге болар, бірақ, шығыс халықтарында үлкеннің сөзіне құлақ аспау, тыңдамай кетіп қалу, дастарханнан бұрын тұрып кету болған емес.

Фильмдегі бақсылардан бөлек, сәуегейлігі «жындының айтқаны емес, сандырағы келеді» дегенге көбірек келетін, ел-жұрттан аулақ өмір сүретін, қорқынышты, мистикалық кейіпкердің бірі – Тарғыл тана. Қорқыттың Тарғыл тана күйінің шығу жайлы мынадай аңыз бар: «Бір күні Қорқыт Желмаясымен ел аралап келе жатып, далада мал бағып жүрген жас баланы ұшыратады. Қорқыттан үркіп, бір тарғыл тана табыннан бөлініп тұра қашыпты. Оны қайтарам деп қуа жөнелген баланың аяғына шөгір кіріп, танаға жете алмай жылап отыра кетеді. Баланы аяған Қорқыт оны өзі қайтармақшы блды. Бірақ қанша қуса да, тана жеткізбейді. Әбден ыза болған Қорқыт «Өлсем де жетемін!» деп өршелене қуады. Мұны естіген тәңірі тарғыл тананы тасқа айналдырып жібереді. Денесі тасқа айналып, жаны шығарда тіл бітіп: «Менің өзім қара едім, Қарадан туған ала едім. Туған жерім - Қазалым, Мына тау болды-ау ажалым» деп ыңыранады. Тананың жарық дүниемен қоштасардағы осы қиналысын өрген Қорқыт сол жерде қобызын қолына алып, «Тарғыл тана» күйін шығарған екен».

Фильмдегі Тарғыл тананың жануарға еш қатысы жоқ, тек аңызбен ұқсастығы – оны Қорқыттың өлтіретіні. Телехикаяға айтылар тағы бір сын осы эпизодқа қатысты, себебі, Қорқыт ел-жұртты зөрезап қылып, «балаларды ұрлап, етін жейтін-міс» Тарғыл тананы ту сыртынан пышақтап өлтіреді. Басты кейіпкер танымал тарихи әрі жағымды кейіпкер болған кезде, оның образын бейнелеуде мұндай жаңсақтыққа жол берілмесе керек-ті.

«Қорқыт» телехикаясының тіліне қатысты мұндай оғаштықтар көп көздеспейді. Оның мынадай ерекшеліктерін атап өткіміз келеді. Біріншіден, экрандық туындыны түсіруші топтың барынша араб, парсы тілдерінен енген сөздерден қашқаны аңғарылады. Фильмде тәңірі атауы көп ауызға ілігіп, дию, диуана сияқты сөздер қолданылады (мысалы, шайтан емес). Сол сияқты қағаннан кейінгі дәрежені білдіретін

жағбу, үй, отбасы мағынасында ұйық сөздері алынған. Мұндағы ұйық сөзі «Күлтегін» жырында да бірнеше рет кездеседі. Мәселен, «Ұйық жерім иесіз», «Ұйық Өтүкен: Ыйш бүтін (халық) бардық». Ал жағбуға байланысты дастаннан «Жағбудың түсіне жау кіреді, балықшының түсіне ау кіреді» деген мәтелді естиміз. Бұдан бөлек, телехикаяда «арсалаң» сөзінің әңгүдік, есалаң деген мағынада қолданылуын өз басым қабылдай алмадым, себебі, біздің түсінігімізде және Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне сәйкес, «арсалаңдау – еркелеу» дегенді білдірсе керек. «Арсалаңдап алдынан шықты» деген сөз тіркесі де аңқылдаған, ақ көңіл адамның әрекетін білдіреді. «Қазан би маған мәтіби болу үшін шонданайынан шығып қайта келсін!» деген сөйлемді талдасақ, мұндағы шонданай сөзі жамбастағы осылай аталатын сүйекті мегзесе керек. Өкінішке қарай, латынша «os ischi», орыс тілінде «седалищная кость» деп аталатын бұл медициналық терминнің ескіден келе жатқан қазақшасын білетін адам бүгінде сирек. Сондай-ақ, телехикаядағы «Сөз сүлейі жыраудың көкірегінде-дүр» дегендегі –дір, -дүр жалғаулары сөз болып отырған жайдың өткен шаққа тиесілі екендігін аңғартады, ол қазіргі күні де бірқатар түркі тілдерінде, мәселен, түрік тілінде сақталып қалған. Бұрынғы ауызша және жазба әдебиетінен көрініс тапқан бұл әдеби оралымды қазіргі күні қазақ ақындары өз поэзияларында өлеңді әсірелеу, айшықтау мақсатында қолданып жүр.

«Қорқыт» тіліне байланысты екінші жай, онда Қорқыт өмір сүріп, жерленді деп есептелетін Қызылорда облысы, нақтырақ айтқанда, Қармақшы өңіріне тән диалектілер алынған. Мәселен, «есінен ауысқан» дегенді білдіретін «ауыш» сөзі. Салыстырмалы түрде, ауыш, кеміс, жасамыс сияқты –ш, -с сөзжасамдары арқылы тілге орныққан сөздер түркі халықтарының көпшілігінде ұшырасады.

Үшіншіден, фильм тілі ұланғайып жерді кезіп, жауласқан, тұрмысы төрт түлікпен жіті байланысқан көшпенді халықта малға қатысты атаулардың көп болғанын дәл көрсетеді. Мысал ретінде «Қарсақ табан мысықбас неме, сойған түлкідей ыржиып тұруын қарашы», «Тоймадықтың талқаны таусылыпты. Ат тұяғын тай басар. Көк жалы көтерілмей тұрып, шықшытын түзеп жіберу керек» деген сөйлемдерді алайық. Дала халқының сұлуға баласа да, ұсқынсызға теңесе де малымен салыстырады, барлық іс-әрекет атаулы өзі білетін жан-жануардың қимыл-қаракетіне қарап айтылады.

Өкінішке қарай, осындай бай, шұрайлы тілді шып-шырғасын шығармай жеткізуі тиіс титрмен берілген аударманың деңгейі көңіл көншітпейді. Атап айтсақ, «жастығын ала кеткеннің арманы жоқ» деген сөз «кто умер в молодости» деп аударылған, бұл жерде жастық төсеніш қана емес, қапы қалмай кетті дегенді аңғартатын тұрақты сөз тіркесі емес пе; «қой үстіне бозторғай жұмыртқалағанды» интернет «где жаворонок гнездится на овце» деп береді. Бұл олқылықтың алдын алу үшін тарихи маңызды фильмді түсіргенде өзге тілдерге дубляждау жағын қоса қарастырған жөн болар деймін.

«Қорқыт» телехикасында оның қобызы, желмаясы сөзден таса қалмаған. «Үйеңкінің түбінен үйіріп, қайыңның түбінен қайырып» алған қыл қобыздың ана құрсағымен ұқсастығы аллегория түрінде беріледі. Жалпы, фильм қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері сияқты теңеулерге бай. Мысалы, жауласқан жандарға қарап қапа болғандай көрінетін қос қазақы төбет иттің бейнесі қантөгіссіз бірліктің керек екенін мегзейтіндей. Желмаясымен жұртшылықты келе жатқан залалдан, кесапаттан сақтандырам деп жер кезген Қорқыт кейпі де кей тұстарда Асан Қайғымен жанасып жатқандай көрінеді. Сондай-ақ, туындыда көр («Қайда барсаң Қорқыттың көрі») тақырыбы да жеткізіп берілген. Алдынан кезіге берген көрден шаршаған Қорқыт ажалға тіпті өз еркімен берілгісі келсе де, ажал оны алар емес. Дастанның мәнінде де Қорқыт ажалды іздеген емес, одан қашқан ғой, осы контекст фильмде дұрыс беріледі.

Жыл сайын Түркі әлемінің «Қорқыт ата» кинофестивалі өтіп тұрады. 2023 жылы ол Баку қаласында үшінші рет өткізілді. Қорқыт жайды кітаптар, зерттеу

еңбектер, түрлі жастағы аудиторияға арналған деректі фильмдер аз емес. Алайда, көркем фильмдер жоқтың қасы. Осы орайда, 2023 жылы «Қазақстан» телекорпорациясы түсірген 4 сериялы «Қорқыт» телехикасы эпикалық кейіпкерлерді экранизациялау жолындағы сәтті қадамның бірі болды десек қателеспейміз. Әрине, 4 серияда Қорқыттың дүниеге келгеннен бастап, өмірден өткенге дейінгі барлық сәті қамтылмаған. Дегенмен, оның өлімнен қашып, аралда көз жұматын сәтін бөлек фильм ретінде түсірсе – сұранып-ақ тұрған сюжет. Сонымен қатар, қазақ әртістерінің де сериалға, соның ішінде, тарихи сериалдар түсіруге төселіп қалғаны байқалады. Тек кейбір театрлық қойылымдарға ұқсайтын көріністерді барынша жатық етіп беруге ұмтылу - бұдан кейінгі түсірілімдер барысында ескерілуі тиіс.

Қорыта келгенде, «Қорқыт» телехикасын басқа түркі мемлекеттері де көріп тамашаласа нұр үстіне нұр болар еді дегіміз келеді. Түбі бір түркі халықтары Қорқыт сынды ортақ кейіпкер жайлы туындыны аудармасыз да түсіне білуі әбден мүмкін.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштері. Астана, Фолиант, 2001 жыл
2. Ибраев Ш. Қорқыт һәм «Қорқыт Ата кітабы»: ақиқат пен аңыз»/Базар жырау. 2012
3. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, «Мектеп», 1971
4. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. Алматы, «Жазушы», 1986
5. Марғұлан Ә.Х. «Ежелгі жыр-аңыздар», Алматы, 1985
6. Салахиева-Талал Т. «Психология кино», «Альбина нон-фикшн», 2019